

## КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1973-жылғы 8-қазандағы "венерологиялық ауруын жүқтყыру туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 15 қаулысының орындалу барысы туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1975 жылғы 12 маусым N 3.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.**

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы жыныс ауруларын жүқтყыру туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі қорытындылары нәтижелерін талқылай келіп, республика соттары КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1973 жылғы 8-қазандағы "Венерологиялық ауруларын жүқтყыру туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 15 қаулысын басшылыққа ала отырып, аталған санаттағы істерді қараудың сапасын жақсартқанын, осы қылмыспен күрес мәселелеріне көп көніл бөле бастағанын атап өтеді.

Сонымен бірге соттардың венерологиялық ауруларын жүқтყыру туралы істерді қарау жөніндегі жұмыстарында осы қылмыстармен қрестің тиімділігін төмендететін кемшіліктер мен қателіктер кездеседі.

Соттар алдын ала тергеудің сапасына айыпталушы адаммен дәнекерде болған барлық адамдардың әйгіленуіне, жүқтყыру көзіне, сондай-ақ қылмыстың жасалуына себепші болған басқа жағдайлардың анықталуына әрдайым тиісінше талап қоймайды.

Кейбір соттар ҚҚ-тің 100-бабына енгізілген өзгерістерді ескермейді. ҚҚ-тің 100-бабының әрбір бөлігі венерологиялық аурудан емделуге бас тарту, алдын-ала біле тұрып венерологиялық ауруын жүқтყыруға қауіп төндіру, венерологиялық ауруын жүқтყыру сияқты қылмыстың жеке құрамдарын қарастыратынына қарамастан, жекелеген соттар негізсіз бірнеше қылмысты ҚҚ-тің 100-бабының бір бөлігі бойынша саралайды. Венерологиялық ауруды емдеуден бас тартқан және басқа адамға венерологиялық ауру жүқтყырған немесе осындай жүқтყыру қаупін тудырған адам тек ҚҚ-тің 100-бабының 3-бөлігі бойынша ғана жауапкершілікке тартылуы керек деп негізсіз есептейді, себебі емдеуден бас тарту және жүқтყыру қаупін төндіру ҚҚ-тің 100-бабының 3-бөлігі мен қамтылып сараланады деп түсінеді, кейде соттар көп адамға әр кезде жыныс ауруын жүқтყырған адамдардың әрекетін тек ҚҚ-тің 100-бабының 4-бөлігімен саралаудың орнына олардың әрекетін осы баптың 3 және 4-бөлімінің жиынтығы бойынша саралайды.

ҚК-тің 12 және 208-баптарын бұза отырып, сottар венерологиялық ауруларын жүктыру жөніндегі істерді жабық сот мәжілістерінде қарауды талқыламайды.

Іс жағдайына қарай айыптының жеке басын ескере отырып, қылмысты болдырмау мақсатында қажетті нәрсе кінәліні бұқарадан оқшаулау болып табылатынына қарамастан сотталушыларға ҚК-тің 100-бабының 3 және 4 бөліктері бойынша бас бостандығынан айыруға қатыссыз женіл жаза тағайындау жайлары кездеседі.

Кейбір соттар КСРО Жоғарғы Соты Пленумының венерологиялық ауруларының тарауына жағдай тудыратын емдеу, сондай-ақ басқа мекемелердегі кемшіліктерді жоюға орын алған тиісті ведомоствалар басшыларының назарын жеке үйғару шығаруға аудару қажеттілігі туралы талаптарын орындауды.

Орын алған кемшіліктерді жою және соттар венерологиялық ауру (және оны емдеуден бас тартқаны) үшін жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану мәселелерін шешудегі тұтастықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы

Қаулы етеді:

1. Соттардың назары олардың жұмысындағы айтылған кемшіліктерге аударылсын және осы санаттағы істерді қарау кезінде заңдарды және КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1973-жылғы 8-қазандағы "Венерологиялық ауруларын жүктыру туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" N 15 қаулысын қатаң басшылыққа алсын.

Соттар аталған санаттағы істер жөніндегі алдын ала тергеу сапасына, жеке айтқанда, айыпталушымен дәнекерде болған адамды, сондай-ақ қылмыстың жасалуына ықпал жасаған жағдайларды анықтау мәселелері бойынша талапты қүшейтуі тиіс.

2. Соттарға түсіндірілсін:

а) венерологиялық ауруынан емделуден бас тартқан және біле тұрып басқа адамға жүктыру қаупін төндірген адамның әрекеті ҚК-тің 100-бабының 1 және 2-бөліктері жиынтығы бойынша саралауға жатады;

б) бір адамдарға біле тұра венерологиялық ауруын жүктыру қаупін төндірген және басқа адамдарға жыныс ауруын жүктырған адамның әрекеті венерологиялық ауруын жүктырудың саралану белгілерінің болуына қарай ҚК-тің 100-бабының 2 және 3 немесе 2 және 4-бөліктері бойынша саралауға жатады;

в) айыптының бір ғана адамға немесе тек сол бір топ адамдарға венерологиялық ауруын жүктыру қаупін төндірген немесе оны оларға жүктырған әрекеттері тек ҚК-тің 100-бабының 3-бөлігі немесе осы баптың 4-бөлігі бойынша саралануына жатады;

г) екі немесе одан көп адамға венерологиялық ауруын жүқтүрумен көрінетін айыптының әрекеті ҚК-тің 100-бабының 4-бөлігімен саралануға жатады, өйткені мұндай жағдайда жүқтүрудың бірінші рет орын алуды қосымша саралауды қажет етпейді.

3. Соттар ҚІЖК-нің 208 және 12-баптарына сәйкес әрбір жағдайда іске қатысушы адамдардың өмірдегі ашыналық жақтарын әйгілемеу үшін жабық сот өткізуді талқылауы қажет.

4. Сотталушыларды қайта тәрбиелеу ісінде жазаны дұрыс қолданудың және қылмыстың осы қауіпті түрінің маңыздылығын ескере отырып, соттар істің нақты жағдайларын, қылмысты әрекеттердің сипатын, дәрежесін, сотталушының жеке басын, айыпты ауырлататын және женілдететін жағдайларды есепке алып, жазаның түрі мен шараларын белгілеуге қатаң өзіндік қатынасты бұлжытпай сақтау қағидасын қамтамасыз етуі тиіс.

5. Қылмыстың жасалуына жағдай тудырған себептер мен жағдайлар, сондай-ақ емдеу және басқа мекемелердің жұмысындағы кемшіліктер анықталған кезде соттар оларды жою үшін жеке үйғарулар жасауы тиіс. 6. Облыстық және Алматы қалалық соттары халық соттарының аталған санаттағы істердің шешілуінің занды және негізділігіне сот қадағалауын күшетуі керек. Оқығандар: (Қасымбеков Б.А.) (Икебаева Ә.Ж.)